

social sciences & humanities  
international  
indexed & refereed

ISSN 2717-7386

**JOURNAL**

*scientific discoveries...*

2016  
Copyrights



**PEARSON JOURNAL**

Year 2020

Volume 5

Issue 5



## ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жазира Комекбаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

### Аңдатпа:

Қазіргі кезеңде елімізде әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағытталған жаңа талаптарға лайықты білім беру жүйесі жүзеге асып келеді. Бұл оқу-тәрбие үдерісінің педагогикалық теориясы мен іс-тәжірбиесін мәнді өзгерістермен халықаралық білім беру деңгейіне жетуді көздейді. ҚР-ның Президенті Н.Назарбаев білім саласына ерекше басымдылық беріп, жастардың білім-біліктілігін жетілдіру үшін барлық жағдай жасауда: «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті -өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс.

**Кіліт сөздер:** білім беру, оқу-тәрбие, қазақ ағартушылары

Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек...» деп, аталған бағыттардың табысты іске асырылуы ең алдымен, тек білімнің сапасымен анықталатыны белгіледі [1]. Ендеше, қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің мақсаты - өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, қоғам мүддесіне үлес қосуда өзін-өзі белсенді етуге дайын, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, кемел, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Демек, қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын рухани бай, адамгершілік мол, қайырымды, білімді, кемел адам тұлғасын тәрбелеу мәселесі қойып отыр. Кемел адам тұлғасын қалыптастыру бұл өте өзекті мәселе. Оның тұлғалық қасиетінің дамуы мен қалыптасуы мектепте оқыту мен тәрбиелеудің басты мақсаты болуы керек. Бұл жөнінде ежелден – ақ ұлы ойшылдарымыз Әл – Фараби, Ж. Баласағұн, М.Қашқари, Қ.А. Иассауи еңбектерінен байқауға болады. Ізгілік, қайырымдылық, мейірімділік, әділдік, шыншылдық, кішіпейілділік, имандылық, т.б. қарапайым адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеуде. Жас ұрпаққа ғылыми білім берумен шектелу аз, оларды адамгершілік, рухани жағынан нағыз кемел адам етіп қалыптастыру қажеттігін қазақ ағартушылары Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, С.Торайғыров, Ш.Құдайбердиев, С.Көбеев, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаева және т.б. секілді ғалымдардың еңбектерінде кең тоқталған. Ертеректе, нақтырақ «кемел адам» мынадай антықтама берілген: Кемел адам - (араб. “инсан-и камил” – толық адам) – ақыл-ойы толысқан кісі. Діни ілімде кемел адам – кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан-дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мүлтіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам. Кемел адамның әрбір іс-әрекеті Алла тағалаға арналады. Ол – адасқандар үшін темірқазықтай жол көрсетуші, жолда қалғандар үшін – көпір, үміті үзілгендер үшін – ашылар есік. Әр кезеңдегі ойшылдар адам атының сақталып қалуы үшін толыққанды немесе кемел адам болудың жолдарын іздестірген және өздерінше әр қилы пікірлер

білдірген. Бірі сол адамға лайықты дұрыс жол бар екеніне сенсе, енді бірі адам бойындағы қаншама сұмдықтарды көріп қорықты [2]. Кемел адам ұғымы қазақ әдебиетінде ұлы ақындар мен Абайдан бастап сөз болып келеді. Бұл ұғымның арғы төркіні Жүсіп Баласағұнның “Құтты білік” дастаны мен сопылық сарындағы туындылардан тамыр тартады. Сопылық сарындағы поэзияда Кемел адам ұғымы екі таным тұрғысынан бір-біріне тығыз байланыста жырланады. Бұл құбылыс, әсіресе, “Құдатғу білік” дастанында өзінің айқын белгісін аңғартып, ондағы Күнтуды (Әділет), Айтолды (Дәулет), Огдүлміш (Ақыл) үшеуі, яғни Әділет, Дәулет, Ақыл осы өмірге қызмет етуге ұмтылған кемел адам бейнесінде жырланады.

Қазақ даласында тұңғыш рет мектеп ашып, болашаққа оқу-білім сәулесін таратқан халқымыздың ағартушы-педагогы, балалар әдебиетінің атасы – Ы.Алтынсариннің тәрбие саласындағы мұраларын жас ұрпаққа үлгі ету, тәрбие жұмысында пайдалану - баршамыздың парызымыз. Ол өз еңбектерінде кемел адам тұлғасын қалыптастыру жайлы өз етеді. Оның әңгімелерінің жастарға тәлім-тәрбие беруде маңызы өте зор. Ол жастарды әдептілікке, сабырлыққа («Алтын шеттеуік»), қанағатшылдыққа («Қанағат»), мейірімділікке («Шеше мен бала»), ұқыптылыққа («Бір уыс мақта»), әділдікке («Әділдік»), еңбексүйгіштікке («Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»), т.б. өнегелі істерге үгіттейді [3]. Кемел адам туралы ой Қазақтың ұлы ағартушысы Абай шығармаларында толық адам, жарым адам, камили инсани, толық сөздер арқылы жүйелі түрде жауәнмәрттілік (көне түрік тілінде zomard – жомарт) ілімі негізінде таратылып отырады. Абайдың адамгершілік негіздері туралы ой-пікірлері жауәнмәрттіліктегі ақыл, әділет, рахым жайлы ізгілік ұғымдармен сабақтасып жатады. Кемел адам сипатына тән нәрсе – нұрлы ақыл, жарым адам сипатына – суық ақыл сай келеді. Нұрлы ақыл әділетсіз іске аяқ баса алмайды. Суық ақыл әділетті белден басып, ардан түсіп, өз пайдасы үшін зиянды іске көз жұмып бара береді. Абайдың «Он жетінші» қара сөзінде өзінің логикалық жалғасын тапқан сияқты. Абайдың осы сөзінде «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» үшеуі әрқайсысы өзін мықты санап, айтысып, таласып, ақыры «ғылымға» келіп жүгінеді. Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты: – Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім, – депті. Бірақ билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді: жақсылық айтқанына жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет, – депті. Осы үшеуің бір кісідей менің айтқанымдай табысқандар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен «Жүректі» жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды» – деген қорытындыға келеді. Бір қызығы «он жетінші» қара сөз бен «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңіндегі ақыл, қайрат, әділет, шафқат (жүрек) секілді басты ұғымдардың барлығы да Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» (1039 ж.) «жауәнмәрттілік» (ақыл) деп аталатын төрт түрлі кейіпкерге балама ретінде суреттелетінін байқауға болады [4]. Қазақ ағартушыларының бірі Абайды шығармаларында кемел адам сипатына тән нәрсе – нұрлы ақыл, жарым адам сипатына – суық ақыл сай келеді. Нұрлы ақыл әділетсіз іске аяқ баса алмайды. Суық ақыл әділетті белден басып, ардан түсіп, өз пайдасы үшін зиянды іске көз жұмып бара береді – деп

қарастырылған. «Қараңғы қазақ елінің көгіне өрмелеп шығып күн болуды» аңсаған әрі ақын, әрі ағартушы-педагог С.Торайғыров адамның әділ, адал кемел адам болуы тәрбиеге байланысты, өмірдің өзгертуші, адам мінезін қалыптастырушы ұлы күш саналы тәрбиеде деп түйіндейді. XX ғасырдың алғашқы ширегінде ғұмыр кешіп, тәлім-тәрбие саласында ойлы пікірлер айтқан зиялылардың бірі – Ғұмар Қарашев. Оның адамгершілік, ел бірлігі туралы толғаныстары өз алдына бір төбе. Ғ.Қарашевтің пікірінше, жақсылық екі түрге бөлінеді: «Мұның бірі – заттық, екіншісі – моральдық, имандылық». Заттық жақсылық мұқтаж адамдарға мал беру, ішкізіп-жегізу, киіндіру... Моральдық жақсылық - әр адамның мұқтаж болған уақытында ғылым мен ағарту және тәрбиелеуге қажетті өтеу... Автор жақсылықтың қай түрін болса да қоғам өмірінен бөлек қарамайды. С.Көбеевтің 1912 жылы жарық көрген «Үлгілі бала» атты басылымында қазақтың бай ауыз әдебиетінен сұрыпталып алынған материалдар ерекше назар аудартады. Бұл жөнінде автор: «Хрестоматияны құрастырғанда негізгі ойлаған мақсатым, көздеген нысанам – жас ұрпақты өнер-білімген, әділеттілікке, адамгершілікке үйрету еді», - деп жазады [5]. Философ, шежіреші, өз бетімен ғылым-білім биігіне жоғары көтерілген ғұлама Ш.Құдайбердиевтің жастарға ұсынған адамгершілік жолы – адамдық пен ғылымды меңгеру. Осы екі жол кісіні қиындықтан құтқарады, надандықтан арылтады, адамгершілік қасиеттерге баулиды. Адалдық пен адамдықты борышым деп сана, дүниедегі не сұмдықтың бәрі араны ашылған қу нәпсіден, тойымсыздықтан туады деген терең тұжырым жасайды. Қазақ ағартушыларының қай шығармаларын алып қарасақ та барлығы жастарды нағыз кемел толық адам болуға тәрбиелейді. Қазақ ағартушыларының шығармаларының тәрбиелік мәні шексіз де, шетсіз терең дүние. Оны тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана емес, адам өмірінің барлық кезеңдері үшін мәнді, азаматтық тұлғаның рухани қуатының қайнар көзі іспеттес.

Кемел адам тұлғасы қалыптастыруда адам бойында мынадай қасиеттердің:

- қайырымдылыққа,
- кішіпейілдікке,
- ізеттілікке,
- мейірімділікке,
- имандылыққа,
- парасаттылыққа,
- рақымдылыққа,
- жолдастыққа,
- адалдыққа,
- қанағатшылдыққа,
- шыншылдыққа,
- әділеттілікке,
- патриоттыққа,
- ұқыптылыққа,
- жауапкершілікке,
- ынтымақастыққа,
- өзара сыйластыққа,
- еңбексүйгіштікке т.б. үлкен рөл атқаратындығын ерекше көрсетеді.

Халықтың өзімен бірге жасасып, өмір сынынан екшеленіп өткен, ата-бабадан мирас болған шығармалар арқылы болашақ ұрпақтың кемел тұлғасын қалыптастыра аламыз. Жоғарыда көрсетілген пікірлерді қортындылай келе біздің ойымызша кемел адам :

- өзіндік баға беруге қабілетті;
- өзіндік танымға ие;
- өзінше пікір жүргізу мен топшылауға қабілетті;
- өзіндік реттеуге бейім;
- өзіндік дамуға ұқыпты;
- өзінің бар мүмкіндіктерін іске асыруға ұмтылатын;
- өз шешімі мен табандылығына ие, жауапкершілік пен белсенділікті бойына дарытқан тұлға деп тұжырымдаймыз.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан, 2012.№ 106 (28143) -6-7 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т.5. Алматы, 1980.
3. Құнанбаев А. Қара сөздері.- Алматы, 1993.
4. Төлеубекова Р. Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика.- Алматы, 1994.
5. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика Алматы, 2002.